

Ерейментау- Ақпарат

№ 25 (125)
07 шілде
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

6 шілде – Астана Күні

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті жерлестер! Сіздерді 6 шілде - Елордамыздың мерекесі күнімен құттықтаймын!

Сонау 1997 жылы тұңғыш президенттің жарлығымен Арқа даласына көшірілген астанамыз бүгінде әлем таныған іргелді шаһарға айналып отыр. Көк Есідің жағасында орналасқан елордамыз елдігіміз бен ерендігіміздің символы іспеттес күн өткен сайын қанат жайып, жаңаша сәулеттік нақышпен бой түзеп, сұлу бейнесі алыстан көз тартып, көңіл баурайды. Сондықтан, оның ертеңіне де барлық қазақстандықтар үлкен үмітпен қарап, басқалар да қызыға көз тігуде.

Қазірдің өзінде көптеген саяси және экономикалық маңызды оқиғалардың орталығына айналып отырған оның ертеңгі болашағының да зор болары күмәнсіз.

Мен сіздерді астанамыздың күнімен құттықтай отырып, еліміздің ертеңі тыныш, аспаны ашық, абыройы асқақ болсын дегім келеді. Жаңа Қазақстан құру жолында басқан әр қадамымызға бірлік пен ынтымақ сүйеніш болсын

Құрметпен Ерейментау ауданының әкімі Абай ӘЛЖАНОВ



Шілденің 9-11 күндері Құрбан Айы мерекесі!

ҚҰТТЫҚТАУ

Аса қадірлі бауырлар, құрметті мұсылман жамағат! Сіздерді ұлық мерекеміз – Құрбан айтпен құттықтаймын!

Жер бетіндегі исламды мұрат тұтатын қауым үшін басты мерекелердің біріне саналатын бұл күндер иманды күшейтіп, адам баласын кеңпейіл, ізгілікті, бауырмал, қонақжай болуға насихаттайды. Осы күні Алладан сұраған әрбір тілегіңіз періштелердің құлағына шалынып, қабыл болады деседі.

Мен сіздерді осы бір атаулы күні шын жүрегіммен құттықтап, әр отбасына бақуатты тірлік, базарлы думан, ынтымақ пен ырызық тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, бауырлар!

Абай ӘЛЖАНОВ, Ерейментау ауданының әкімі

Мейрамдардың сұлтаны Құрбан айт – болсын!

Барша мұсылман қауымына ортақ ұлық мейрам. Ол Ораза айттан 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылады. Айт күндері құрбандық шалынады. Бұл мұсылмандардың бес парызының бірі. Баршамызға аян құрбан шалу тарихы сонау Ибраһим пайғамдардың заманынан бастау алады.

Құрбан айт мерекесі биыл шілде айының 9-нан басталады. Айт намазы Аудан бойынша таңғы сағат 7:00-де оқылады. Мерекелі мейрам айт намазынан кейін өз бастауын алады. Қасиетті Құрбан Айт мерекесі мұбәрәк

Ізгі ниетпен, Ерейментау аудандық Тоқан Хазрет мешітінің бас имамы Е.О.ИСЕНОВ

Мұсылман бауырлардың ұлық мерекелерінің бірі саналатын айт мейрамы баршамызға құтты болсын! Бұл күні қылған ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарымыз қабыл болып, шаңырақтарымызға құт-береке мен төрлеріңіз ырыс-ынтымаққа толсын! Жаратқан иеміз баршамызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, шуақты күндер нәсіп етсін! Арайлап атқан әрбір таңмыз молшылық пен шаттық әкелсін!

Аман-есен айттан айтқа жете берейік!

ХАБАРЛАМА

Ерейментау ауданы Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 21-бабы 14-тармағының 6 тармақшасына сәйкес Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын:

1) Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің шекарасында - Олжабай сайлау округі.

2. Сайлау округінің шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ерейментау - Ақпарат» газетінде жариялансын.

Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ерейментау қаласы, А. Құнанбаев көшесі, 121, тел. 8(71633)2-32-45

Комиссия төрайымы - Жүсіпова Зенеп Байвақызы

Төрайымның орынбасары - Смағұлов Алмас Хасенұлы

Хатшы - Ербатырова Зухра Серікқызы

Комиссия мүшелері: Амантаева Дариға Төлегенқызы, Мамбеталина Гүлдана Бекенқызы, Оразалимов Сапарғали Әбуллы, Сағиева Гүлбағдат Төкенқызы.

Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Ерейментау ауданы Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабына және 113-1-бабына сәйкес Ерейментау аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауы 2022 жылғы 31 шілдеге тағайындалсын.

2. 2022 жылғы 31 шілдеге тағайындалған Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ерейментау - Ақпарат» газетінде жариялансын.

№ 394 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Олжабай батыр атындағы ауыл, Шәмшит Байтуаров атындағы көшесі, 15, «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, тел: 8(71633)34-1-98.

Шекаралары: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Олжабай батыр атындағы ауыл, Алғабас ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы - Серғазы Жадыра; төрағаның орынбасары - Депутат Нұрсәуле; хатшысы - Жанимхан Құлатай; комиссия мүшелері: Гүлшат Сабырқызы Өмірзақова, Сәуле Әнуарбекқызы Назарбекова.

№ 395 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ынтымақ ауылы, Рақымжан Қошқарбаев атындағы көшесі, 7, «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ынтымақ ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, тел: 8(71633)5-36-49.

Шекаралары: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ынтымақ ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы - Силам Күнширик; төрағаның орынбасары - Ләззат Оралқызы Бейсенова; хатшысы - Тауасар Нұрдығұл; комиссия мүшелері: Сәлима Шеріпқызы Бейсенова, Сарман Қабділіпұлы Нұрманов.

Ерейментау ауданының әкімі
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

АСТАНА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Нұр-Сұлтан (бұрынғы атаулары: Ақмолинск, Целиноград, Ақмола, Астана) — 1997 жылдың 10 желтоқсанныан бастап Қазақстан Республикасының елордасы.

Ақмолинск қала мәртебесін 1862 жылғы 26 қыркүйекте алған.

1962 жылы қалаға Целиноград атауы берілді.

2020 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша қала тұрғындарының саны - 1 136 008 адам, Бұл Алматыдан кейінгі Қазақстандағы екінші орындағы көрсеткіш болып табылады.

Қала Қазақстанның орталық бөлігінің солтүстігінде Ақмола облысында, Есіл өзенінің алабындағы өзен маңы жазықтығында орналасқан. «Миллионер қала» мәртебесіне 2017 жылдың маусымында қол жеткізді, ол кезде тұрғындарының саны 1 002 874 адам болатын. Нұр-Сұлтан қаласы әкімшілік жағынан 4 ауданға бөлінген. Олар : «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл» және «Байқоңыр» аудандары.

Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады.

Астананы ресми көшіру 1997 жылдың 10 желтоқсанында жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді.

Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның жаңа президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың атын экс-президент Н.Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгертуге бұйрық берді.

ЕЛОРДАМ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ЕЛОРДАМ – ЕЛДІҢ ЖҮРЕГІ!



Өнерлі орда, аспаны өн,
Жаңбыр - нұрмен жуынған,
Көшіп кеттің, Астана,
Жауһар Жетісуымнан.

Асқақ тұрған қалпы - айбын,
Айбатымен танылсын.
Ағашынан Алтайдың
Айшықты есік салынсын.

Бір қарағай, бір емен,
Орманымдай созыл сен.
Көктен медет тілеген,
Қолдарымдай созыл сен!

Астана бол, аман бол,
Ақылман бол, амал бол.
Тайсалатын төмам қол,
Тәуелсіздігіме қамал бол!

Алатаудан бата алған,
Арқадағы қаламсың.
Қаратаудан апарған
Қара мәрмәр қаланың.

Әміриаттан алғызған
Асыл шамдар ілінсін.
Ұсталарға салғызған
Ұлы сесі білінсін.

Береке бол халқыма,
Әулетіме кие бол.
Сәулеттеніп жарқыра,
Дәулетіме ие бол!

Қара өлеңім жететін,
Қайда барсын ол да ұзап?
Жалғыз - менің мемлекетім,
Жан далам да жалғыз-ақ.
Өс, Астана, өркенде,
Көзіңде - байтақ жерұйық.
Бүгін де және ертең де,
Ел мүддесінен не биік?!

Ақтауымнан алынған
Ақтастарым көрінсін.
Көкшетаудан шағылған
Көк тастармен өрілсін.

Аппақ Есіл аққанда
Айдың нұры ашылсын.
Ай орнына батқанда
Күннің нұры шашылсын.

Ұқсап ыстық құшаққа,
О шетің мен бұ шетің.
Ақсұңқардай ұшақтан
Ақылдылар түсетін.

Күләш АХМЕТОВА,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Елорда туралы қызықты мәліметтер

1998 жылы ЮНЕСКО шешімі Нұр-Сұлтан қаласын «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.

Нұр-Сұлтан – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қала.

Нұр-Сұлтан – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.

Әлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан. Моңғолия астанасы Ұлан-Батор қаласы Енисей, ал Нұр-Сұлтан Есіл өзенінде орналасқан.

Қала жобасымен атақты жапон сәулетшісі Кисе Курокава айналысты.

Астана қаласының көрікті жерлері

1. «Астана-Бәйтерек» кешенінің биіктігі - 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шар диаметрі - 22 метр, салмағы - 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады. Жоба сәулетшісі - Норман Фостер.

2002 жылы ашылған кешен Астана қаласының ғана емес, күллі Қазақстанның нышанына айналды. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған: жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан.

Алып шарға лифт арқылы көтеріліп, үлкен залға өніп, қаланың толық көрінісін көруге болады. Зал ортасында әлемдік діндердің өкілдері қол қойған 17 жапырақты ағаш глобус

және қазақ елінің бейбітшілік нышанына айналған «Аялы алақан» - Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің алақанының таңбасы орналасқан.

2. «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені. Ашық аспан астындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенінде қазақ жерінің сұлу табиғаты бейнеленген. Картада 14 облыс және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары орналасқан. Қазақ жерінің табиғи-климаттық аймақтары, ландшафт, сәулетті көркем ғимараттары мен көлік жолдарын көруге болады.

3. «Қазақ елі» мемориалды кешені. Мәрмәр монумент - кең-байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігін, болашақта көркейіп, дамуының белгісі. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Монумент шыңында алып құс Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

4. «Хан-шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы. Танымал британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасымен салынған. Қала орталығында бой көтерген бұл орталық салмағы 2300 тонна болатын металл қондырғылардан тұрғызылған. Шатыр биіктігі 150 метрге дейін жетеді, сыртқы жағы тұтас әйнектермен қапталған. Арнайы қондырғылар ішкі температураны бір қалыпты сақтайды. Алты қабатты орталықта сауда нүктелерімен қатар, ойын-сауық орындары жұмыс істейді.

5. «Думан» ойын-сауық орталығы. 2003 жылы мамыр айында жұмысын бастаған бұл кешенде мұхитаралы, 5D-кинотеатр, үлкен күмбезді кеңістік, сауда нүктелері мен тамақтану орындары бар. Бұл ТМД-дағы алғашқы мұхитаралы бар үлкен кешен.

Су қоры 3 миллион литрге жететін мұхитаралда теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрі мекен етеді. Әр түрлі көлемдегі 11 аквариумды екі үлкен көрме аймағы мен қалыңдығы жеті сантиметрге жететін 70 метрлік дәліз бар.

6. «Отан Ана» кешені. Жоңғар шапқыншылығы мен Ұлы Отан Соғысы кезінде ерлікпен қаза тапқан жандардың құрметіне салынған. Ұзындығы 24 метрді құрайтын мемориал ортасында граниттен тұрғызылған таста алтын шара ұстаған әйел бейнеленген. Қолындағы шара тыныштық пен гүлденудің белгісі. Барельефтің оң жағында кеңес әскерлері, ал сол жағында жоңғар шапқыншылығында қаһармандық танытқан қазақ батырлары бейнеленген. Төменгі жақта мәңгілік алау орналасқан.

7. Декоративтік мүсіндер. Нұр-Сұлтан қаласының басшылығы суретшілер, дизайнерлер және сәулетшілердің арасында үлкен байқау ұйымдастырды. Шарт бойынша байқауға қала көркін ашатын жобаларды ұсыну керек еді. Байқау аяқталған соң, үздік деп танылған жобалар Астана көшелерінде орын алды. Қоладан тұрғызылған мүсіндер әр қилы болғанымен, оларды барлығы қаланың сәнін кіргізіп, көпшілік қауымның сүйікті демалыс орындарының біріне айналды.

ТАРИХЫ ЕРЕЙМЕННИҢ ТАРАУ-ТАРАУ



... 1875-1905 жылдар арасында Ерейментау өңіріне қоныс аударушылар лек-легімен келіп орналасып, алғашқы орыс тұрақтарының іргесін қалайды. Ерейментау ауданының аумағында осы уақытқа дейін сақталып тұрған елді мекендердің ішінде: Павловка -1898, Звенигородка - 1897, Тимофеевка - 1896, Новомарковка -1896, Нецветаевка - 1897, Благодарное -1898, Веренка -1903, Қаратал -1907 жылдары бой көтерген. Одан басқа сол кезде Сілеті өзенінің бойында Приречное, Поречный (Хвостовский), Ксеньевский, Ильинка, Мариинка, Гоголевка, т.б. орыс кенттері пайда болады. Бұлар қазақша жер атауларын өздерінің ыңғайларына қарай орысшалап өзгерте берген. Осының салдарынан көптеген жер-су, өзен-көл, тау-төбе, орман-тоғайлардың тарихи атаулары бұл күнде біржола ұмыт болып отыр.

Қазір «Олжабай» атанып отырған ауылдың тарихи атауы - Олжабай сәресі. Кезінде Айдабол Олжабай батырдың мәйітін Түкістандағы Әзірет сұлтан кесенесіне апарып жерлейміз деп, сәрелеп сақтап, кейін бір себептермен жеткізе алмай, сол арада жерлеген екен. Осы араға қоныс аударушылар келіп орналасқан соң, елді мекен атауын Подгорный деп өзгертіп, соңынан Благодарное болып ауысады. Осы Благодарное кейін 1954 жылға дейін Ерейментау ауданының орталығы болған.


Жоғарыда аталға Звенигородкаға алғашында эстондықтар келіп орналасады. Кейін бұл жерге Киев губерниясынан украиндар келіпті. Қоныс аударушылар осы жерден өздеріне 12 құдық қазып, шымнан үйлер салып алады. 1928 жылы осы Звенигородканың негізінде Крупская атындағы колхоз құрылып, соңынан 1957 жылы «Ерейментау» совхозы болып өзгереді.

Қазіргі Павловка ауылына 1898 жылы Украинаның Николаев губерниясындағы Сиротино деген селодан чехтар келіп, іргетасын көтерген екен. Кейбір деректерде осы чехтардың басқарушысы Павло Матейко деген адам болып, Павловка соның атымен аталған деген болжам айтылады.

1906 жылы осы араға Еділ бойынан немістер келіп қоныстанады. Уақыт өте келе чехтар мен немістердің арасында ұл араздығы туындап, чехтар бұл жерден кетуге мәжбүр болыпты. 1910 жылдардан былай қарай Павловкаға қазақ отбасылары да көшіп келіп тұра бастайды. 1961 жылы аталмыш кенттің негізіне «Сталинский путь» және Ворошилов атындағы колхоздардың жерлері біріктіріліп, «Еркіншілік» атты совхозы құрылады.

Веренка кентінің іргесін 1903 жылы Украинадан келген қоныс аударушылар көтеріп, төңкерістен кейін «Свободный путь» және Ворошилов атындағы колхоздар біріктірілген.

Благодатныйдың іргесі 1898 жылы қаланды деп айттық. Бұл жерге Ресейдің орталық аймақтары мен Украинадан (12 губерниядан) қоныс аударушылар келіп, кенттің іргесін көтеріп, оған Погорный деген атау берген деп айтып кеттік. Кезінде осы жерде орыс шіркеуі, ұн тартатын диірмен болған. Кейін, 1901 жылы тұрғындар жиналыс ашып, бір шешімге келіп, ауылдың атауы Благодарное болып өзгереді. Осы елді мекеннің негізінде 1929 жылы «Парижская коммуна» колхозы құрылады. 1935 жылдан 1954 жылға дейін Благодарное Ерейментау ауданының орталығы болды деп жоғарыда айттық. Көпшілік біле бермес, ХХ ғасырдың басында Благодарное жеке болыс та болған екен. Бұл туралы мынадай бір құжат қолымызға түсті. Онда болыс басшысы П. Дубовой деген адам Ақмолаға астықтың шығымы туралы мәлімет беріпті.



Благодат болысының мері

Силеті бойында 1897 жылы бой көтерген Нецветаево атты орыс кенті болған, кейін ол Коминтерн атындағы колхоз болып өзгереді. Алғашқы колхоздар құрылғанда, осы Нецветаевода үлкен МТС ашылып, шаруашалықтарға техникалық қызмет көрсеткен.

Украина мен Белорусиядан келген қоныс аударушылар 1897 жылы Қаратал өзенінің жағасынан баспаналар тұрғызып, ол жер Қаратал ауылы деп аталады. Бір айта кетерлігі, «переселендер» тұрғызған елді мекендердің ішінде өзінің тарихи атауын сақтап қалған осы Қаратал ғана. Бұл жерге келген кедей-шаруалардың отбасылары бірігіп, кейіннен «Новая звезда» атты колхоз құраған екен. Соңынан көршілес «Киров» колхозы Ленин атындағы совхоз болып қайта құрылғанда, Қаратал соның бір бөлімшесі болып қалады.

Біз бұл жерде сонау замандарда қоныс аударушылар келіп іргесін көтерген елді мекендерді ғана сөз етіп отырмыз. Кейіннен тың көтеру кезінде Изобильный, Новодолинка, Целинный, т.б. ауылдар пайда болғанын ел-жұрт біледі.

Әңгімеміз аудандағы елді мекендер атауына байланысты болғасын, соғыс жылдарындағы ауылдар мен, сол ауылдардың негізінде құрылған колхоз атауларына тоқтала кетейік.

Мысалы, қазіргі Шәкей аулы – Жаңатұрмыс колхозы; Берікқара - Ортақшыл; Бәймен - Карл Маркс атындағы колхоз; Едіге - Елтай; Звенигородка - Красный пахарь; Новодолинка - Тельман атындағы; Веренка - Свободный путь; Көтенқара - Жолбасшы; Новомарковка - Авангард; Ржищево - Ленин атындағы; Қарағайлы - Стаханово; Торғай - Продснаб Тургайстрой; Новокаменка - Калинин атындағы; Қуаныш - Еңбек; Павловка - Первое мая; Благодатное - Парижская Коммуна; Қаратал - Новая звезда; Жарық - Сталин атындағы; Байсары - Фрунзе атындағы; Жартас - Өрнек; Бозтал - Ынталы; Жанғозы - Кеңөткел; Кіндікті - Қызылту; Нецветаевка - Коминтерн атындағы; Ильинка - Северный маяк; Гоголева - Сарыбұлақ; Ажы - Сталин (Жарықпен бірге); Жалтырсу - Алғабас; Түндік - Жаңажол; Малтабар-Крупская атындағы колхоз болған.

Қазір көптеген ауылдар өзінің тарихи атауларынан айырылып, сол кездегі колхоз атауымен осы уақытқа дейін аталып келеді. Мысалы, Елтай, Жолбасшы, Стаханово, Өрнек, Қызылту, Алғабас, Жаңажол, Еңбек ауылдары.

Жоғарыдағы қоныс аударушылар жайлы сөзіміз дәлелді болу үшін, мына бір құжатты назарларыңызға ұсына кеткенде жөн көрдік. 1895 жылдың 7 наурызында ішікі Ресейден, Самар губерниясынан келген бір топ переселендер Ақмола облысының генерал-губернаторына Ақмола уезіндегі Балықтыкөл деген жерді қоныстануға рұхсат сұрайды. Бұл қазіргі Ерейментау ауданындағы Балықты ауылы. Кеңес уақытында «Ржищево» болып аталғанын білесіздер. Аталмыш өтініште олар былай дейді: «Осы жақта қазыналық жерге тұруға рұхсат бар деген соң келдік. Біздер молокан-воскресенск сектасының адамдарымыз. Біраз жерлерді қарап көріп, Балықтыкөл деген жерді ұнаттық. Ол ара егін егіп, пішен шабуға қолайлы екен. Және басқа селениелерден бөлек тұрғымыз келеді. Біздің ішімізде 109 ер адам бар» - деп өтініш жазыпты олар.

Бірақ осыдан соң уезд бастығы дереу облыстық басқармаға төмендегідей хат жолдайды: «Въ числе самовольныхъ переселенцевъ прибывшихъ въ Акмолинский уездъ имеются и молоканы - одна из вредныхъ сект» - деп басталады оның хаты. Одан әрі уезд бастығы: «Сіз өткенде субботниктерге (ол да діни секта-автор) қоныс беруден бас тартып едіңіз, енді молокандарға рұхсат беріңіз. Енді осы жақтағы орыс селениелері егер молокандар келіп қоныстанса, біздер көшіп кетеміз деп жатыр. Олар нағыз бұзылғандар, тіпті түсіңізге де кірмейтін істер жасайды. Оларды селоға кіргізбек түгілі, көрші ауылға да келтірмейміз деп отыр. Егер оларды алыс бір жерге қоныстандырсақ, бақылау қиын болады, ал жақын жерге басқалар жібергісі келмейді. Сондықтан қуу керек» - деп жазыпты.

Ақыры осы арыздан соң оларға Балықтыкөлде қоныстануға рұхсат берілмей, Николаевск деген жердегі раскольниктерге қосылуға немесе Петропавл уезіне кетуге бұйрық беріледі. Бірақ Балықты ауылына бәрібір басқа келімсектер келіп қоныстанады. Бертінгі кеңес уақытына дейін Балықты «Ржищево» атанып, орыс ауылы болып тұрғанын білеміз. Тіпті әлі де солай.

Қоныстанушылар көптеп келіп жатқан ХХ ғасырдың ең бас кезінде Ақмола облысында тұратын жергілікті халық қазақтар мен келімсектер жайлы облыстық статистикалық комитет мынадай есеп беріпті жоғарыға: «Облыста тұратын халықтың бірі - бұратаналар немесе қырғыз-қайсақтар. Бұлар түркі-моңғол тайпаларының қалдығы. Бір кездері Алтай мен Оралдың арасында көшіп-қонып жүрген. Олар «Орта орда» деген ұлысқа жатады. Көшпелі өмір сүреді. Кейбіреулері шымнан үйлер салып алып, қыстау деп атайды. Өздері ру-тайпаларға бөлінеді.

Облыс көлемінде негізінен екі этнографиялық топ бар. Олар - орыстар мен қырғыздар (қазақтар). Орыстар - казактар және крестьяндар болып екіге бөлінеді.

Осы өңірді бірінші отарлаушы казактарға облыс көлемінде ең үлкен жер үлесі тиесілі - 24 514,6 шаршы верст немесе 25 50523 десятин. 1915 жылы казактар саны 131 232 жанға жетті. Ал Ресейдің Еуропалық жағынан келген крестьяндарға 5,75 миллион десятин жер тиесілі. Олар 1916 жылдың қаңтарында 744 948 жанға жетті» - дейді.

Жалпы сол кезде облыста 1 миллион 579 656 адам тұрса, соның 592 332-сі ғана қазақ болған. Қалғандары - великорос, малорос, белорус, поляк, мордва, неміс, татар, еврей, сыған, сарт және басқалар. Ең қиыны, осы демографиялық көрсеткіш ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін сақталып келген. Айталық, 1990-ыншы жылдарға дейін Ақмола облысындағы жергілікті халықтың саны 22 пайызды ғана құрайтын.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақ жеріне қоныс


аударушылар жыл санап молая түседі. Бұлар Ресейдің ішкі губернияларынан, Украина мен Белорусияның шығысынан бері қарай босқан аш-арықтар еді. Ғұмыры соқа тісі тимеген қазақтың ту даласы, айдын-шалқар көлі, сарқырап аққан өзен-бұлағы бұларға ұжымақтай көрінгені сөзсіз. Және келімсек крестьяндар қазақ даласын еркінше жайлап, таңдаған желерін алуға патша өкіметі барынша көмектесті. Үй-жай салып алуға, астықтың тұқымын, құрал-сайман сатып алуға ақшалай несие береді. Сосын Ресейдің ашыққан крестьяндары бері ағылмағанда қайтеді? Ақыры бұлардың көбейгендігі сонша, ХІХ ғасырдың аяғында орыс болыстары ашыла бастайды. Қараңыз, 1901 жылы Ақмола уезінде мынадай орыс болыстары болған екен.

- 1.Алексеевская
- 2.Михайловская
- 3.Ново-Георгиевская
- 4.Ново-Черкасская
- 5.Рождественская
- 6.Семеновская
- 7.Черниговская

Ақмола уезінің Ерейментау жерінде Благодатное және Приречное деген болыстар болған. Бірақ кейін таратылып, не болмаса басқа болыстарға қосылып кеткен секілді.

Сол кездегі Ақмола уезіндегі қазақ болыстары: Ақмола, Ақтау, Атасу, Жыланды, Ереймен, Ешім (Ишим), Қарағаш, Қарағыз, Көң-Қорғалжын, Қорғалжын, Қоржынкөл, Қызылтопырақ, Мұңғылы, Моншақты, Нілді, Нұра, Ортау, Саран, Сарыөзен, Спасск, Шерубай-Нұра, Шу-барлығы жиырма екі болыс.

Айталық, 1915 жылы ғана Ақмола облысына 1828 отбасы келген. Олардың жалпы жан саны - 5743. Мысалы, бір ғана Челябинск тіркеуінен өтіп келгендер 2494 адам өту кәулігімен келсе, 3113 адам төлқұжатпен өткен, барлығы - 5607 адам. Сол жылы жалпы есеп бойынша 6629 адам тіркеліпті. Бұларға үй-жай салып алу үшін арнаулы ссудалар (несиелер) беріліп отырған. Бұл секілді несиелер шіркеу мектептерін салуға да берілген. Бұл бір ғана жылдың көрсеткіші. Ал бұған дейін жүздеген мың адам келіп үлгергені белгілі. Әрине, билік жаңағыдай қолдау көрсеткесін, келімсек крестьяндар мен казактардың тұрмысы жергілікті қазақтардан анағұрлым артық болады. Қазақ байғұс сол кезде де дәл бүгінгідей, қолындағы малына ғана сенген. Малы жұтқа ұшыраған жылы, кәдімгі қу-тақыр кедей болып шыға келеді. Ал орыс крестьяндары отырықшы тұрмыс кешеді. Егін салады, бау-бақша өсіреді. Малының қыстайғы жейтін жем-шөбін мол қылып дайындап алады. Мысалы мұрағаттық құжаттардың бірінде казактардың тұрмысы жайлы: «...его бюджет устойчивее, нежели у кочевников. Казак живет в сравнительно удобном помещении, пища его изобилует такими предметами, каких не видит кочевник»-дейді.





АЛМАТЫ КОРОНАВИРУСТЫҢ ТАРАЛУЫ БОЙЫНША САРЫ АЙМАҚҚА КӨШТІ

Алматы қаласы «сары» аймаққа ауысты. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«4 шілдеден бастап Алматы қаласы «сары» аймаққа өтті. Қазіргі уақытта қаланың мемлекеттік бас санитар дәрігері қаулыны даярлау үстінде. Қаулыда барлығы жазылады. Осы орайда біз әр азаматты коронавирусқа қарсы вакцина алуға және ревакцинациядан өтуге шақырамыз», - деді Ержан Байтанаев ҚазАқпарат тілшісіне телефон арқылы. Оның айтуынша, бүгінде коронавирусқа шалдығып жатқан азаматтардың 80 пайызы вакцина алмаған. «Қазақстандықтарды өзі мен жақындарының денсаулығын сақтау мақсатында вакцина алудың барлық процесінен өтуге шұғыл түрде шақырамыз. Бұл процесс ұжымдық иммунитетті қалыптастыра түсу үшін де маңызды», - дейді ол.

Еске сала кетсек, Қазақстан «сары» аймаққа өтсе, Үкімет тарапынан қандай шаралар қолға алынатыны хабарланған еді. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният өз сөзінде елімізде маусым айының ортасынан бастап коронавирус инфекциясын жұқтырғандар санының артқанын атап өтті. Айта кетейік, Коронавирусқа қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссия қазіргі кезде елімізде «Қызыл» аймаққа жататын өңір жоқ екенін мәлімдеді.

«Сары» аймақта - Алматы қаласы, «Жасыл» аймақта - Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстары тұр.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА СЕҢБЕҢІЗДЕР

«Әлеуметтік желілерде әлемде COVID-19-ға қарсы вакцинацияға байланысты туу көрсеткішінің төмендегені байқалады деп жазылды. Алайда, бұл - жалған мәлімет», - деп хабарлайды ҚазАқпарат stopfake.kz сайтына сілтеме жасап.

Ақпарат көзінің мәліметінше, туудың төмендеуі - бұл болып тұратын әлемдік үрдіс. Ол 1950 жылдардағы бабу-боот-нан кейін бірден басталды. Содан бері әлемде орташа туу көрсеткіші жылдан жылға тұрақты түрде төмендеп келеді. Бұл ретте бала туудың ең төмен деңгейі 1989-1993 жылдар аралығында байқалды. «Бұл үрдіс бірден бірнеше фактормен түсіндіріледі: білімнің қол жетімділігі, өмір сүру деңгейінің жоғарылауы және оның ұзақтығы, контрацептивтердің болуы және әйелдер эмансипациясы. Вакцинация мен жер тұрғындарының жалпы денсаулығы бұл үрдісте маңызды рөл атқармайды.

Дегенмен, бала туу көрсеткіші күрт төмендеді деп айта алмаймыз. Пост авторы мысал ретінде келтірген Германияда 2021 жылы, керісінше, туу көрсеткіші 1997 жылдан бері алғаш рет өскен делінген сайтта.

COVID-19-ға қарсы вакциналар бала туу қабілетіне теріс әсер етеді деген теория - бірнеше рет теріске шығарылған фейк. Вакцинацияланған ерлер мен әйелдердің ұрпақты болу қабілетін жоғалтпайтынын дәлелдейтін ғылыми зерттеулер бар. Осылайша, таратылған ақпарат - вакцинацияға қарсы адамдар белсенді түрде насихаттап жүрген вакцинация туралы миф пен әлемдік тенденцияны қате түсіндіруге негізделген фейк.

ӨТКЕН ТӘУЛІКТЕ ТАҒЫ ДА 187 АДАМНАН COVID-19 АНЫҚТАЛДЫ

Өткен тәулікте елімізде коронавирус жұқтырған 187 адам тіркелді. Бұл туралы COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК Telegram арнасында хабарлады.

Аймақтар бойынша: Нұр-Сұлтан қаласында - 37

Алматы қаласында - 112

Шымкент қаласында - 8,

Алматы облысында - 7

Атырау облысында - 10

Жамбыл облысында - 4

Батыс Қазақстан облысында - 1

Қарағанды облысында - 7

Қызылорда облысында - 1

Осылайша, елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 1 307 517 жетіп отыр.

Жалпы ел бойынша індетке ұрынған 1 307 517 адам тіркелген

Өткен тәулікте 65 адамның ауырғаны анықталған

Қазақстан бойынша 1 292 626 адам коронавирустен жызылып шыққан

САҚ БОЛЫҒЫЗДАР, ІНДЕТ ҚАЙТАЛАНУЫ МҮМКІН!



АУА РАЙЫ

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ БОЙЫНША
2022 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗЫНА
АРНАЛҒАН МАУСЫМДЫҚ
АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

Келер жаз, ауа райының тұрақсыз сипаты бар күндермен - нөсер жаңбырлы, найзағайлы және желді, сондай-ақ ашық күндермен сипатталады. Жазғы консультативтік маусымдық болжамға сәйкес, жаздың алғашқы екі айында республиканың батыс жартысында ауа температурасы нормадан жоғары, ал елдің шығыс жартысында — нормаға жақын болады деп болжануда. Тамыз айы салқын болады деп күтілуде - Қазақстанның көптеген облыстарында температуралық фон климаттық норма шегінде болмақ, нормадан жоғары тек Қазақстанның шеткі солтүстігінде ғана болады деп болжанады.

Маусым айында Қазақстанның басым бөлігінде жауын-шашын нормадан аз болады, республиканың солтүстік-шығыс жартысында, елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында жаңбыр жаууы ықтимал. Шілде мен тамыз айларында болса керісінше, елдің көп бөлігінде жауын-

шашын болады — климаттық нормаға жақын. Анықтама: маусымдық ауа райы болжамы, қаралып отырған маусым үшін климаттық шамалардан ауытқу (аномалиялар) түрінде (көпжылдық норма) көрсетілген орташаланған метеорологиялық параметрлердің (ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшері) сипаттамасын білдіреді.

Жартыжылдыққа арналған маусымдық болжам жылына екі рет жасалады:

* 15 қазан суық жартыжылдыққа (қараша-наурыз),

* 15 наурыз жылы жартыжылдыққа (сәуір-қазан).

Маусымдық болжам жылына 4 рет нақтыланады: қыс, көктем, жаз және күзге арналған болжамдар.

* 15 ақпанда көктемге (наурыз-мамыр);

* 15 наурызда жылы кезеңге (сәуір-қазан);

* 15 мамырда жазға (маусым-тамыз);

* 15 тамызда күзге (қыркүйек-қараша);

* 15 қазанда суық кезеңге (қараша-наурыз);

* 15 қарашада қыста (желтоқсан-ақпан).

ЕРЕЙМЕНТАУДА ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Халқымыздың ғасырлар бойғы серігі болып келе жатқан домбыра аспабының біздер үшін орны ерекше. Қазаққа қиындықта сүйеу, қуанышта көңіл қанаты болған қара домбыраның қоңыр үні – қанымызда, бебеулеген сарыны – санамызда сақталған, ұлттық кодымызда таңбаланған. Қара домбыраның шанағынан шамырқанған күй төгілсе, елең етпейтін қазақ жоқ.

Халқымыз өзінің қатпар-қатпар тарихын, шерлі шежіресін, қуанышы мен қайғысын қашанда екі шекті домбыраның үнімен шығарып, күй тілінде бейнелеген.

Сол себептен домбыра әр қазақтың төрінен құрметті орын алатын киелі жәдігері, ұлттық мақтанышы.

Белгі ақын Қадыр Мырза-Әлі: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» - деп тегін айтпаса керек.

Атадан қалған баға жетпес мұрамызды жас ұрпақ өз деңгейінде құрметтеп, келер буынға аманат етсе, нұр үстіне нұр болмақ. Кімде-кім домбыра құдіретін шын ұғынса, психология, физика, математика, тарих, педагогика ғылымдарының барлығын оңай меңгере алады деседі. Себебі, мамандар оның бойында пәндік білімнің барлығы дерлік кездесетіндігін айтады. Демек, ол көзбен көріп, құлақпен естуге болмайтын сезімді ұғындыра алатын қасиетке ие.



Биылғы Домбыра күні шілде айының 3-інші жұлдызына тұспа-тұс келді. Осы күні Ерейментаудың Үмбетей жырау атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары, атап айтсақ, «Ереймен сазы» фольклорлық ансамблі «Көне дүние күмбірі» атты арнайы бағдарламамен қаладағы орталық саяқбақтың батырлар аллеясында қала тұрғындарын күйге бөліп, домбыра күнін атап өтіп, ән мен күйден шашу шашты.

Өнерпаздар сол күні Ерейментау қаласының кіреберісіндегі Үш найза белгісінің түбінде күмбірлетіп күй шертіп, жүргіншілерді әсем әуенге бөлеген болатын.

ОН ЖАСЫНАН ДОМБЫРАНЫ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН ЮРИЙ КОЧЕТЫГОВ



Көкшетаулық жас домбырашы Юрий Кочетыгов домбырамын қазақ күйлерін аса шеберлікпен орындайды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Юрий отбасының тұңғышы. Көкшетаудағы Біржан сал атындағы музыка колледжінде домбырашы мамандығы бойынша білім алады. Домбыра үйірмесіне он жасынан анасы қолынан жетектеп апарған. Алғаш рет домбыраның шанағынан төгілген сиқырлы үнді естіген оның бірден осы музыкалық аспапқа әуестігі басталады.

-Көкшетаудағы Біржан сал атындағы музыка колледжінде «Домбыра пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім аламын. Домбыра үйірмесіне он жасымда анам апарды. Содан бері домбыраны қолымнан тастаған емеспін. Алғашқы ұстазым Серік Сәрсенбаев болды. Сол кісіден 5 жыл бойы домбыра шертудің қыр-сырын үйрендім. Кейін менің қабілетім барын білген ол оқуға түсуге кеңес берді. Осылайша, бүгінгі күні музыка колледжінде білімді жалғастырып келемін, - дейді Юрий Кочетыгов.

Өнерлі өрен мемлекеттік тілде де мүдірмей сөйлейді. Артынан ерген қарындасы Злата да қазақ мектебінде оқиды. Ол да өнерден құр алақан емес. Ағасы сияқты домбыра, флейта аспаптарында ойнайды. Ал, ата-аналары әрдайым олардың өнеріне қолдау білдіріп, шығармашылықтарын шыңдауға үлес қосып келеді. «Кішкентайымнан қазақ тілін меңгеріп алдым. Қазақ тілді балабақша мен мектепте оқығандықтан, сондай-ақ, айналадағы орта әсер еткендіктен, маған қазақша үйрену қатты қиындық туғызған жоқ», - деп қосты Юрий Кочетыгов. Осы күні Юрийдің репертуарында халқымыздың атақты күйшілерінің 50-ден астам күйі бар. Осының арқасында, ол көптеген халықаралық, республикалық және облыстық байқаулардың жүлдегері атанып жүр.

Ғаламтор желілерінен алынды

ДОМБЫРА

Қашан саған қолымды созбағалы,
Кеудеде арман көлі қозғалады.
Қос шек сырбаздаған сырлы саздай,
Керек маған сезімнің тозбағаны.

Басқанша әр пернеңді асықтырып,
Қойдың-ау күміс үнге ғашық қылып.
Көмейден күй ақтарған өзіңе ұқсап,
Дариғай, өтсем деуші ем тасып тұрып.

Бабамның кім сыйламас бұл мұрасын,
Құласа көңіл күйге, шын құласын.
Егілген ерді уатып бұл домбыра,
Ұйытқан сай-сала мен құз-қиясын.

Елімнің домбырамен зары бірге,
Шырқаған асқақтата әні бірге.
Салдығы, салтанаты, сәні бірге,
Тегеурінді текпіңді қаны бірге.

Сұлулықты бойына жиып кепті,
Күй құдіретін кеудеме құйып кетті.
Сен қазақты, қазағың ал өзіңді,
О, домбыра, қашан да биіктемті.

Марфуға Айтқожина

ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

**Ерейментау-
Ақпарат**

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Куәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы – 1000 дана. Индекс: 66015 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 914

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereyemen.akparat@mail.ru